Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің
«№ 59 С.Н.Шапағатов атындағы бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

«Бекітемін»
№59 С.Н. Шапағатов атындағы
бөбекжай директоры
А.Ж. Худайбергенова ____________

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде №11 мектепалды даярлық тобының 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

2022-2023 оқу жылы

бөбекжай әдіскері.......................
«        »  2022ж

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған  іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

№11 мектепалды  топ

**Қыркүйек айы  2022жыл**

| **Айы** | **Ұйымдастырылған іс әрекет** | **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері** |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | Бұрын үйретілген жаттығуларды еске түсіру, қайталау, қимыл біліктері мен дағдыларын жетілдіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**. "Қол кеуденің алдында" қалпынан қолды жанына қарай созу, "қолды желкеге қою" қалпынан қолды жоғары көтеру және жанына қарай созу; қол саусақтарын айқастыру "құлып", алға-жоғары көтеру.<br>**Негізгі қимылдар**:<br>Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру. Бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**.<br>Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен ырғақты етіп орындау<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>Шеңбер бойымен және тура жолмен екі дөңгелекті велосипед тебу.<br>**Спорттық ойын элементтері:** баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру.<br><br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту |
| | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: дыбыстарды дұрыс, анық айтуды бекіту, айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г – ғ, л – р, ж – з дыбыстарын естуі бойынша ажыратуға және анық айтуға үйрету;<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**: түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану; |

| | |
|---|---|
| | **Байланыстырып сөйлеу:** тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру, диалог түрінде сөйлеуге үйрету. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, монологтық ойларын байланыстырып құра білуге, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға дағдылану;<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**.<br>ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару |
| **Көркем әдебиет** | **оқу, әңгімелеу**. Шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу.<br>**мәнерлеп оқу**. Балаларды дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға, балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу<br>**мазмұндау.** Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>**шығармашылық әңгімелеу**. Тәрбиешінің әңгімесінің жалғасы мен соңын ойлап таба білуге, бір-бірімен байланысқан сюжет бойынша құрастыруға, әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді, эпитеттерді, теңеулерді қолдануға үйрету;<br>балаларды театр мәдениетіне баулу.<br>**Адамгершілік нормалары туралы түсінік**.<br>ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын; |
| **Сауат ашу негіздері** | Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру.<br>қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. |
| **Математика негіздері** | Жиын.<br>Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту.<br>Сан, санау.<br>Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету.<br>Шама.<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін,ені мен жуандығын белгілей білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету<br>Сөйлеуде мына сөздерді қолдана білуді қалыптастыру: "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек",<br>Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету<br>Геометриялық пішіндер.<br>Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру |
| **Құрастыру** | алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету. ... көрсеткішпен тең және тең еместігін<br>Қиылынан құрастыра білуге дағдыландыру. ...<br>реттілігін белгілеу ... |

| | | |
|---|---|---|
| | | Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету<br>Геометриялық пішіндер.<br>Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру<br>Заттардың салмағын өлшеміне қарап алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету. |
| | **Құрастыру** | -Қиялынан құрастыра білуге дағдыландыру. Болашақта жасалатын құрылысты талдай білу, оларды орындау реттілігін белгілеу және оның негізінде нысан жасау;<br>-Қағазды ортасынан, төртке бөліп бүктеуге, түрлі бағытта, тегістеп бүктей білуге үйрету;<br>-Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан ұсақ заттар дайындай білуге үйрету. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы (тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр);<br>-Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету;<br>-балаларды бөлме өсімдіктерінің жаңа түрлерімен таныстыру: атауы, сыртқы түрі, құрылысы, күтім жасау тәсілдері;<br>-Туғандар мен туыстар. Отбасылық мерекелер. Отбасының әлемі<br>туыстық байланыс, өзінің жасын, толық аты-жөнін, тегін, ата- анасының, отбасы мүшелерінің аты-жөнін, балабақша, топ атауын, нөмірін айта білу, үйден балабақшаға дейінгі жолды анықтау туралы түсініктерін қалыптастыру; |
| | **Сурет салу** | Заттық сурет салу:<br>балаларды елестету және заттарға қарап гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес сұлбаларды өздеріне тән ерекшеліктерін бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру.<br>Сәндік сурет салу:<br>түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішіндерде өрнектерді құрастыра білу іскерліктерін бекіту.<br>Сюжеттік сурет салу:<br>бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру. |
| | **Мүсіндеу** | Заттық мүсіндеу.<br>балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде барлық қол білектері мен саусақтарын дұрыс қозғалту техникасын сақтай отырып,мүсіндеу.<br>Сәндік мүсіндеу.<br>Балаларды халық ойыншықтарымен таныстыру, ойыншықтарды мүсіндеуге үйрету.<br>Сюжеттік мүсіндеу.<br>Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | Заттық жапсыру.<br>екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды<br>Сәндік жапсыру:<br>түрлі пішіндегі қағазда таныс геометриялық элементтерден өрнек құрастыруды үйрету;<br>Сюжеттік жапсыру<br>Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету |
| | **Музыка** | - Музыка тыңдау.<br>Балаларды шығармалардың эмоционалдық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату.<br>Ән айту.<br>Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету, септима мен терция дыбыстарын ажырату, қолымен бағытын (жоғары төмен) көрсете отыру.<br>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.<br>Музыка сипатын анық ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру жаттығуларын орындау.<br>Билер.<br>Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау, халық биін үйрету арқылы көркем мұраның кейбір элеметтерімен таныстыру.<br>Ойындар, хороводтар.<br>Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау; қол ұстасыпшеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қозғалыстарды өзгерту,<br>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.<br>Ересектердің орындауындағы музыкалық пьесаларды тыңдау, жоғарғы регистр, аспаптың дыбысталу тембрін ажырату |

**2022-2023 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**

**ұйымдастырылған қызметтің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** бөбекжай

**Топ:** 11 мад топ

**Балалардың жасы:** 5 жастағы

**Жоспардың құрылу кезеңі:** Қазан айы 2022-2023 оқу жылы

| Ай | Ұйымдастыру қызметі | Ұйымдастыру қызметінің міндеттері |
|---|---|---|
| қазан | **Дене шынықтыру** | ***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.<br>Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br><br>**Негізгі қимылдар:**<br>**Жүру.** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру,<br>**Жүгіру.** Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру,<br>**Секіру.** бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру;<br>**Домалату, қағып алу, лақтыру.** Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br>**Еңбектеу, өрмелеу.** Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Тепе-теңдікті сақтау.** Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру.<br>**Сапқа тұру.** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық жаттығулар**.Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.<br>**Спорттық жаттығулар:** Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу<br>**Дербес қимыл белсенділігі.** Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.** Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру,<br>**Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру**.<br>Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.** Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.** Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Геометриялық фигуралар**<br>Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. |
| | **Қоршаған әлеммен танысу** | **Бала, оның отбасы, үйі:** Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау<br>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну<br>**Табиғатпен таныстыру**.Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Адамгершілікке баулу**<br>Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. |
| | **Құрастыру** | **Ұжымен сюжетті құрастыруға баулу.** Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану. |
| | **Сурет салу** | **Тақырып бойынша сурет салу:** Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).<br>1) өмірден және ұсыну бойынша сурет салу дағдыларын қалыптастыру: гүлдер, көкөністер, жемістер, ойыншықтар, күрделі емес силуэттер, оларға тән ерекшеліктерді жеткізе отырып. Серуендеу кезінде бақылаулардан кейін күзгі жапырақтары бар ағаштарды, үйлерді, автобустарды бейнелеу мүмкіндігі;<br>2) пішіндер біліміне, бөліктердің салыстырмалы шамасына және олардың орналасуына, түстер мен олардың реңктерін білуге негізделген заттардың түсіне сүйене отырып, негізгі нысанды, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білуге, түстерді өз қалауыңыз бойынша таңдауға үйрету;<br>3) бірнеше біртекті заттардың шамасындағы айырмашылықты беру білігін қалыптастыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | **оқу, әңгімелеу.** Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.<br>Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау.<br>**мәнерлеп оқу.** Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br>**мазмұндау.** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету.<br>**театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. |
| | **Сауаттылық негіздері** | **сөз", "дыбыс"**терминдері туралы бастапқы түсінікті қалыптастыру;<br>Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу.<br>Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. |
| | **Қазақ тілі** | **Дыбыстық сөйлеу мәдениеті:**<br>1) қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға, осы сөздерді қолдануға үйрету; қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ;<br>2) сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту |
| | **Математика негіздері** | **Жиын.** Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру<br>**Сан және санау.** 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.<br>**Шама.**<br>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. |

| | |
|---|---|
| **Мүсіндеу** | **Заттық мүсіндеу**<br>1) табиғаттан және үлгі бойынша әртүрлі пішіндегі және мөлшердегі таныс заттар, көкөністер, жемістер, тән бөлшектерін беру, қолдың және негізінен саусақтардың қимылдарын қолдану;<br>2) қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам және жануар фигуралары;<br>3) көшеде, үйде, балабақшада көрінетін заттарды бейнелеу арқылы.<br>Олар бір кездері байқаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыпта мүсіндеу, бейненің жеке шешімін өз бетінше табу; пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және жұмыста дестелерді пайдалану |
| **Жабыстыру** | **Заттық жабыстыру.** жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын кию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.<br>Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды кию.<br>Дайындалған қағаз тіктөртбұрыштарынан дөңгелек пішінді кесу, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бейнелеу дағдыларын бекіту. Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. |
| **Музыка** | **Музыка тыңдау.** Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br>Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. |

«      » 2022ж

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

№18 мектепалды топ Қараша айы 2022жыл

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қараша** | **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>- Ойындарды дамытуға ықпал ететін, спорттық жабдықтармен және түрлі құралдармен қамтылған қозғалыстық ортаны жасау.<br>- Көп нұсқалық ойындар үшін кеңістікті ұйымдастыру.<br>-Құрдастарымен жарыстар ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру.<br>-Балалардың қарапайым су шараларын жүргізудің дербес дағдыларын бекіту.<br>- Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10-12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту. -Дене бітімін және аяқ өкшелерінің нығаюын қалыптастыру.<br><br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Іштің бұлшық еттеріне (пресс) арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екіншісі оның аяғына отырады (5–6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын қосып сермейді (5–6 рет). Топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалау (5–6 рет), 3 метрге дейін қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу. Қолдарын алға созып, 6–7 рет қатарынан жартылай отырып, тұру. Аяқты кезекпен алға және жан-жаққа қойып, отыру; ұсақ заттарды аяқтың саусақтарымен қысып алып, орнын ауыстыру.Жаттығулар картотека бойынша жасалады. |

**Негізгі қимылдар:**

1.**Жүру**. Сапта бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру; тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеру, заттарды аттап өту, түрлі қарқында, қозғалыс бағытын өзгерту, шашырап, заттар арасымен, адымдап алға қарай жүру, қадамды алмастыра жүру, жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру;

2) **Жүгіру**: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру;

3) **Секіру:** оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м), орнынан биіктікке, арқаннан, сызықтан аттап секіру, оң және сол аяғын кезектестіріп секіру, биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру;

4) **Лақтыру, қағып алу, домалату**: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, допты еденнен ыршытып жоғары лақтырып, қос қолмен қағып алу (4–5 рет), допты екі қолымен заттар арасымен жүргізу (арақашықтығы 4 м), алға қарай жылжып, қос қолмен допты лақтырып, қайта қағып алу (арақашықтығы 4–5 м);

5) **Еңбектеу, өрмелеу**. Көлбеу басқышпен өрмелеп гимнастикалық қабырғаға өтіп, сатыдан ұстай отырып қайта түсу, гимнастикалық орындық астынан еңбектеу, доға астымен еңбектеу (биіктігі 50 см), доғаның астымен қолына допты ұстап еңбектеу (биіктігі 50 см), құрсаудың ішіне кіру(биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу, доғаның астымен төрт тағандап, допты басымен итеріп еңбектеу, кедергілер арасынан және қолды еденге тигізбей доға астынан еңбектеу; қолды еденге, құрсаудың шетіне тигізбей оң және сол жақ бүйірімен топталып құрсаудың ішінен өту;

6) **Тепе-теңдікті сақтау**. Заттардан аттап жүру, шектелген беткей үстімен адымдап, аяқ ұшымен жүру, орындық үстімен текшелерден аттап, қосалқы қадаммен арқан бойымен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге), әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып орындық үстімен жүру;

7) **Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру**. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, сап түзеуден бір және екі, үш қатармен қайта тұру, бір орында және қимыл үстінде оңға, солға бұрылу, қатарда – қолды алға, сап түзеп жүргенде және шеңбер жасағанда – қолды жан-жаққа созып тік тұру; оңға, солға бұрылу, тұрған орнында айналу.

| | | |
|---|---|---|
| | | **Музыкалық ырғақтық қимылдар.**<br>Музыка ырғағына сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау. Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату. Бір қырымен тізе бүге отырып жүру. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтау. Түзу бағытта шоқырақтап жүру. Жұптасып, шеңбер бойымен қозғалу.<br>**Спорттық жаттығулар:**<br>1) шанамен сырғанау. Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Шанамен төбешікке көтерілу;<br>2) шаңғымен жүру. Оң және сол аяктарымен сырғанай отырып, бірінің артынан бірі кезектескен адыммен алға жылжу. Қиылысқан бос жерлермен жүру. Бір орнында тұрып айналып оңға, солға аттау, екі жаққа шеңбер жасау;<br>**Спорттық ойын элементтері:**<br>1) **Баскетбол**. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру;<br>2) **Футбол**. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен домалату. Доппен затты айналдыра жүру. Допты шұңқырға, қақпаға домалату. Допты қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу;<br>4) **Хоккей**. Берілген бағытта, қақпаға доптаяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға енгізу.<br><br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Өздеріне таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем де, ырғақты етіп орындау. Аяқты өкшеге кезектестіріп қойып, топылдату. Бір қырымен тізе бүге отырып жүру. Қарапайым музыка ырғағына сай қолды шапалақтау. |
| | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: б-п, г-ғ дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Фанометикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау<br>**Сөздік қор:** тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеті мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту. егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диирмен, орақ, кетпен, шалғы, айыркүрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**: Сөйлемдегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Интонациясы бойынша сөйлемдерді |

| | |
|---|---|
| | (хабарлы,сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Әңгімені мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.<br>сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** Әңгімені мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті**. азық-түлік атауларымен (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары) сөздік қорларын байыту, егіншілікке, кәсіпке байланысты (дән, тұқым, уару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен,шалғы т.б) сөздермен қосып сөйлем құрау;<br>Әңгімелеп беруді жетілдіру, ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. |
| **Көркем әдебиет** | -Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу;<br>-Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату;<br>-Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу<br>-Балалардың құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден : ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. |
| **Сауат ашу негіздері** | -Әрбір сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. -Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. |

| | |
|---|---|
| **негіздері** | ... 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. 82 Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. |
| **Құрастыру** | -Қағаздан пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру;<br>-Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану;<br>-Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу, шығармашылық ойлауды дамыту;<br>-Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу;<br>-Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну;<br>-Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау;<br>-Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу;<br>-Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу;<br>-Жануарлар әлеміндегі төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау. |
| **Сурет салу** | -Заттардың бейнесін өзіне тән ерекшеліктермен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды жеткізе білу;<br>-Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар);<br>-Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу);<br>-Суретте қарапайым сюжеттерді: адамдардың еңбегін, қоршаған өмірдегі оқиғалардың желісін |

| | | |
|---|---|---|
| | | жеткізе білуін жетілдіру. |
| | **Мүсіндеу** | -Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: жануарларды, дақылдарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішіндерін мүсіндеу;<br>-Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, аяқ-қолдардың қалпын дұрыс мүсіндеу;<br>-Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөлікті тұтас кесектен жасау);<br>-Біртекті заттардан сюжеттер құрау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру. |
| | **Жапсыру** | -Қайшыны қолдануды жетілдіру: жолақтардан тіктөртбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу;<br>-Түрлі материалдардан (қағаз, табиғи материалдар(дәндер мен дақылдар, мақта) жапсыру;<br>-Сюжеттік компазиция жасау, оларды сәнді бөшектермен толықтыру;<br>-Жеке және топпен бірлесіп сюжеттік композициялар жасау, ондағы міндеттерді келісіп орындау. |
| | **Музыка** | Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.<br>. |

«Бекітемін»
№59 С.Н Шапагатов
бөбекжай әдіскері……………………
« »

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**№11 мектепалды топ**
**Желтоқсан айы 2022жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Желтоқсан** | **Дене шынықтыру** | Бұрын зерттелген физикалық жаттығуларды қайталау, моториканы бекіту және жетілдіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір- біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу.<br>**Негізгі қозғалыстар:**<br>**Жаяу жүру:** Заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру;<br>**Жүгіру:** Жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру;<br>**Секіру:** Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру;<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту;<br>**Тепе-теңдікті сақтау:**<br>**Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру**:<br>**егізгі қимылдар**: гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту, қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, орташа, жылдам қарқынмен 1,5 – 2 минут тоқтамай жүгіру. Кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу. Қос аяқтап заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр).<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бәр бала екінші баланың аяғынан ұстайды.) Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Спорттық жаттығулар**:<br>Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату.<br>**Спорттық ойындар:** Футбол элементтері. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу.<br>**Қимылды ойындар:** балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау. |
| | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**: Ана тіліндегі айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-қ, ж-ш дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорларын адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:** әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Интонациясы бойынша сөйлемдерді ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру;<br>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру; өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. Сөйлегенде бейнелі сөздерді салыстыруды қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | -Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын дамыту;<br>-Тілдің көркемдігін сезіне білу (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер);<br>-Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарастарын білдіру;<br>-Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің көңіл-күйі мен мінезін, бейненің қимылын бере білу;<br>-Санамақ, жаңылтпаш айту арқылы шешендік сөз өнеріне баулу. Шағын өлеңдер, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешу; |
| | **Сауат ашу негіздері** | -Жаңа дыбыстармен танысу, дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдауды жалғастыру; г-ғ, к-қ, ж- ш дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту.<br>-Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету;<br>-Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды дұрыс ұста әрі еркін ұстауға дағыдалындыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сауат ашу негіздері** | [illegible] талдауды жалғастыру; г-ғ, к-қ, ж- ш дыбыстарын, [illegible]<br>Фонематикалық естуді дамыту.<br>-Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету;<br>-Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды дұрыс ұста әрі еркін ұстауға дағыдалындыру. |
| | **[illegible] негіздері** | [illegible] орналасуына, сондай ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру;<br>- Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау;<br>-Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттардың орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде);<br>- Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең») анықтау, түсіну. |
| | **Құрастыру** | -Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану;<br>-Өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу;<br>-Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді дағдыландыру;<br>-Табиғи (дәннің түрлері, мақта, қағаз) және қалдық заттардан құрастыруға үйрету, баулу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру;<br>-Заттық әлемде заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау;<br>-Мемлекеттік мерекенің ұлттық мерекенің (Тәуелсіздік күні) (жаңа жыл), маңыздылығын түсіну, оларға белсене қатысу;<br>-Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау;<br>-Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсетуге баулу.<br>-Қысқы табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету.<br>Қоршаған ортаңа өзінің қарым-қатынасын білдіруге көркем сөздерді қолдануға үйрету; |
| | **Сурет салу** | -Тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (құстар);<br>-Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысның нәтижелерін бағалау;<br>-Суретте қарапайым сюжеттерді: мерекелерді, ертегілердің, әндердің желісін жеткізе білуін жетілдіру. |
| | **Мүсіндеу** | -Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу;<br>-Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішіндерін мүсіндеу;<br>-Сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшелігін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу;<br>-Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | -Жапсырудың түрлі әдістерін (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) қолдану;<br>-Сюжеттік композиция жасау, оларды сәнді бөшектермен толықтыру;<br>-Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін композиция ережелеріне сәйкес құрастырып жапсыру;<br>-Жеке және топпен бірлесіп сюжеттік композициялар жасау, ондағы міндеттерді келісіп орындау. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау:** Қазақтың ұлттық аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Ән айту**: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Қазақстан халықтарының халық билерінің элементтерімен таныстыру.<br>**Ойындар, хороводтар**: Заттармен қимылдар жасай білу, сюжетті ойындарды сахналау.<br>**Би шығармашылығы**: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, ойдан би шығару іскерліктерін дамыту, мәтінге сәйкес әнді жеке сахналау мен шығармашылық тапсырмаларды орындауға баулу.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Қазақтың ұлттық ұрмалы аспаптарында ойнауға үйрету.- |

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**№11 мектепалды топ**
**Қаңтар айы 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қаңтар** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**:<br>-заттардың ,кеглдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; косалқы қадаммен алға қарай жүру.<br>-скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру;<br>-гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу: бірнеше заттарды өрмелеп өту;<br>-Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен қайта тұру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**.<br>Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>-Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар;<br>-Саусақтарды айқастырып , алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру;<br>-Алға еңкейіп алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып екі жаққа созу;<br>-Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет).<br>**Спорттық жаттығулар**:<br>-Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру; -Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Спорттық ойындар:** Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.<br>**Қимылды ойындар:** ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.<br>**Дербес қимыл белсенділігі:** қыс мезгілінде мұз жолдармен сырғанауға, шанамен сырғанауға, хоккей ойындарына жағдай жасау.<br>**Салауатты өмір салтын қалыптастыру:** Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Ана тіліндегі айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз к-қ, ү- ұ, дыбыстарын дұрыс, анық айтуды үйрету.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларны қалыптастыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді салыстыруды қолдану. |
| **Көркем әдебиет** | -Диалогтік сөйлеуді дамыту кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасытарын білдіру;<br>-Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын одан әрі дамыту, кітаптың безендірілуіне, иллюстрациясына назар аударту;<br>-Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарастарын білдіру;<br>-Көркем шығармаларды рөлдерге бөліп сахналау, рөлдерде кейіпкерлердің интонациясы мен мимикасын беру;<br>-Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешу арқылы шешендік сөз өнеріне баулу. Шағын өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттату, жұмбақтар шешу;<br>-Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге,әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға булу; |
| **Сауат ашу негіздері** | -Жаңа дыбыстармен танысу, дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдауды жалғастыру; з-с, н-ң, р-л дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбы стардың орнын анықтау (басында, ортасында, соңында) Артикуляциялық жаттығулур жасауды жалғастыру.<br>-Әрбір сөздің мағынасын түсінуге ұмтылдыру;<br>-Буын туралы ұғымдарын қалыптастыру;<br>-Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды дұрыс ұста әрі еркін ұстауға дағыдалыну. |

| | |
|---|---|
| **Математика негіздері** | - Шама бойынша заттардың ені мен жуандығынанықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру;<br>- Санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды одан әрі дамыту;<br>- Уақытты бағдарлау. Оқиғалардың ретін («алдымен-содан кейін», «бұрын-кейінірек») анықтау;<br>[illegible] |

| | | |
|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | - Шама бойынша заттардың ені мен жуандығынанықтай білу, заттарды шамасына қарап бөу және ... орналастыру;<br>- Санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауды одан әрі дамыту;<br>- Уақытты бағдарлау. Оқиғалардың ретін («алдымен-содан кейін», «бұрын-кейінірек») анықтау; [illegible] бөлшекпен қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу;<br>-Кеңістікті бағдарлау бойынша сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. |
| | **Құрастыру** | -Қағаздан құрастыруда пішіндердің түрлі қалыптарын бере білу және оларды күрделі емес компазицияға біріктіру дағдыларын одан әрі жетілдіру;<br>-Өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу;<br>-Табиғи (мата, кенеп, жіп, жүн) және қалдық заттардан құрастыруға үйрету, баулу. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату;<br>-Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);<br>-Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну<br>- Жол қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту; |
| | **Сурет салу** | -Парақта кеңістіктегі заттарддың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады);<br>-Заттардың пішіндеріне және олардың орналасуына сүйене отырып түстер мен олардың реңктерін беру;<br>-Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап пайдалануға дағдылану. |
| | **Мүсіндеу** | -Затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу және пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу, кескішті дұрыс пайдалану;<br>-Заттардың жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау;<br>-Ойдан өз бетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | -Жапсырудың түрлі әдістерін (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) қолдануды одан әрі жетілдіру;<br>-Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелгенбірдей бірнеше пішіндерді қию;<br>-Сюжеттік композиция жасау, оларды сәнді бөшектермен толықтыруды шыңдау;<br>-Жеке және топпен бірлесіп сюжеттік композициялар жасау, ондағы міндеттерді келісіп орындау. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>**Ән айту:** Бір дыбыстан құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар**: Музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау, ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарың қолдана отырып, әндерді сахналау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. |

№39 С.Н Шапагатов
бөбекжай айкери

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**№11 мектепалды топ**
**Ақпан айы 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Ақпан** | **Дене шынықтыру** | Бұрын зерттелген физикалық жаттығуларды қайталау, моториканы бекіту және жетілдіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет) стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр);<br>**Негізгі қозғалыстар:**<br>**Жаяу жүру:** Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру;<br>**Жүгіру:** Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;<br>**Секіру:** Оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату:** Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: Иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту;<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру;<br>**Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру**: бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес әр түрлі қарқынмен музыкалық-ырғақты қозғалыстар. Шынықтыру рәсімдерін жүргізу. |

| | |
|---|---|
| **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Ана тіліндегі айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды дұрыс, анық айту дағдыларын одан әрі жетілдіру.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолданумен қатар, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлеу әдебін білу, интонация бойынша сөйлемдерді сөйлегенде қолдана білуді одан әрі жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауды жалғастыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру.   Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу |
| **Көркем әдебиет** | - Шығармалардағы себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуда шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау;<br>-Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын үнемі дамыту, кітаптың безендірілуіне, иллюстрациясына назар аудартып отыру;   Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде одан әрі дамыту;<br>-Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану. |
| **Сауат ашу негіздері** | -Дыбыстың сөздегі орнын, дауысты, дауыссыз екенін ажырату, сөздерге дыбыстық талдауды жалғастыру;<br>і-ү, ұ-у, д-т  дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту. Сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы)<br>-Әрбір сөздің мағынасын түсінуге ұмтылдыру;<br>-Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау;<br>-Қолды жазуға дайындауда, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. |

| | |
|---|---|
| **Математика негіздері** | - Заттарды шамасына қарай ажыратуды одан әрі жетілдіру, шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану,<br>- Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге мүмкіндік беру;<br>-Геометриялық пішіндер бойынша, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру. |

| | |
|---|---|
| **Математика негіздері** | - Заттарды шамасына қарай ажыратуды одан әрі [illegible] қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану,<br>- Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге мүмкіндік беру; |
| [illegible] | -Геометриялық пішіндер бойынша, 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап құрастыру.<br>[illegible] ойдан құрастыру;<br>-Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесінің арасында байланыс орнату;<br>-Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулуды жалғастыру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақшадағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» екенін, «жақсы» немесе «жаманды» екенін түсінуге, ажырата білуге үйрету;<br>-Балалардың жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Егер белгілі бір ереже сақталмаған жағыдайда не болатынын балалармен талқылау;<br>-Өсімдіктерге, бөлме өсімдіктеріне қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту;<br>-Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну<br>- Жануарлардың әртүрлі белгілері бойынша, құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны, қозғалу тәсілі, табиғи-климаттық аймақтары бойынша топтастыру. |
| **Сурет салу** | -Заттық бөліктердің салыстармалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру;<br>-заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау;<br>-Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шғару (гуашпен сурет салу кезінде);<br>-Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды , нүктелерді ырғақты орналастыра отырып , қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту. |
| **Мүсіндеу** | -Затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу және пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу, кескішті дұрыс пайдалануды одан әрі дамыту;<br>-Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді қолдану;<br>-Ойдан өз бетінше және ұжымдық жұмыстарды мүсіндеуде композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | -Сюжетті жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру;<br>-Сюжеттік компазиция жасау, оларды сәнді бөшектермен толықтыруды одан әрі шыңдау;<br>-Жеке және топпен бірлесіп сюжеттік композициялар жасау, ондағы міндеттерді келісіп орындау. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау.<br>**Ән айту:** Қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату.<br>**Ойындар, хороводтар**: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтың бейнесін анық бере отырып ойнау, әуенді ойынмен бірге сүйемелдеу. |

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**№11 мектепалды топ**

**Наурыз айы 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Наурыз** | **Дене шынықтыру** | Бұрын зерттелген физикалық жаттығуларды қайталау, моториканы бекіту және жетілдіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);<br>**Негізгі қозғалыстар:**<br>**Жаяу жүру:** Белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;<br>**Жүгіру:** Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;<br>**Секіру:** Оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 сантиметр дейінгі биіктіктікке секіру;<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату:** 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру ;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу ;<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу;<br>**Сапқа тұру, сап құрылымын өзгертіп қайта тұру**: Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. |

| | | |
|---|---|---|
| | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық жаттығулар жасау.<br>Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>**Сөздік қор.**<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлеу әдебін білу, интонация бойынша сөйлемдерді сөйлегенде қолдана білуді одан әрі жетілдіру.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтарды, заттарды сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауды жалғастыру.<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. Өзара байланысты, бірізді сюжет құрастыру дағдыларын одан әрі жетілдіру. |
| | **Көркем әдебиет** | -Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп);<br>-Қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата» білдіретін сөздерді үйрету;<br>-Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.<br>-Әдеби кейіпкерлердің белгілі бір іс әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну;<br>-Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын үнемі дамыту, кітаптың безендірілуіне, иллюстрациясына назар аудартып отыру;<br>-Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану.<br>-Берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;<br>-Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну;<br>-Қолды жазуға дайындау бойынша геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерін шетке шығармай бастыру, бояу. |
| | [illegible] | [illegible] |

| | |
|---|---|
| **Сауат ашу негіздері** | -Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) [illegible]; -Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну; -Қолды жазуға дайындау бойынша геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерін шетке шығармай бастыру, бояу. |
| [illegible] | [illegible]; -Күрделі формадағы заттарды өз бетімен зерттеуге мүмкіндік беру; -Уақытты бағдарлау бойынша оқиғалардың ретін (алдымен-содан кейін, ерте-кейінірек) анықтау; -Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру. |
| **Құрастыру** | -Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдері (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, оюо-өрнектермен безендіру; -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу; -Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдардан жасалғанын зерттеу; -Табиғи (жүн, асық, ағаш, тері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау; -Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну; -Мемлекеттік мерекелердің (Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы,) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу; -Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту; -Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу; -Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. |
| **Сурет салу** | -Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу; -Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау; |

| | | |
|---|---|---|
| | | -Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| | **Мүсіндеу** | -Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, ожау, күбі, торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштермен таныстыру, аталған заттарды қалауы бойынша мүсіндеу;<br>- Мүсіндеген заттарын ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ,дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау. |
| | **Жапсыру** | -Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру, аталған заттардан қалаулары бойынша қиып жапсыру;<br>-Жапсырған жұмыстарын, бұйымдарын ою-өрнектермен безендіру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: Лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, әннің немесе шығарманың сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу.<br>**Ән айту**: Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту, оны металлофонда ойнау.<br>**Ойындар, хороводтар:** Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру.<br>**Билер:** Музыкаға сәйкес қозғалыс бағытын жеңіл, еркін және нақты ауыстыра отырып орындау, би бейнелерін беру, бейнелік би қозғалыстарын қолдана отырып, әндерді сахналау.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Ересектердің орындауында халық әуендерін тыңдау, олардың сипаты мен қарқынын белгілеу. |

**2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
№11 мектепалды топ
**Сәуір айы 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| Сәуір | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.<br>**Негізгі қозғалыстар:**<br>**Жүру:** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;<br>**Жүгіру:** Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру;<br>**Секіру:** Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату:**2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру,<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу;<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.<br>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. |
| | | |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеуде үнемі интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану.<br>**Сөздік қор.**<br>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану, түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлеу әдебін білу. Интонация бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдану білуін одан әрі дамыту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қою және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. Өзара байланысты, бірізді сюжет құрастыру дағдыларын одан әрі жетілдіру. Шағын өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттату, жұмбақтар шешу |
| | **Көркем әдебиет** | --Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға баулу;<br>Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге үйрету;<br>-Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға , кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу.<br>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.<br>-Балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын үнемі дамыту, кітаптың безендірілуіне, иллюстрациясына назар аудартып отыру;<br>-Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану;<br>-Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі бір образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйретуді жалғастыру;<br>-Сөйлемді ауызша талдау , жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрау:<br>-Қолды жазуға дайындау. |

| | |
|---|---|
| **Сауат ашу негіздері** | -Буындардан сөздер құрау [illegible]<br>-Сөйлемді ауызша талдау , жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын [illegible] сөзге сөйлем құрау:<br>-Қолды жазуға дайындау. |
| | [illegible]<br>[illegible] Қағаз парағын бағдарлай [illegible]<br>-Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру.<br>-Ойын есептер құрастыруды жалғастыру. |
| **Құрастыру** | -Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу дағдыларын одан әрі дамыту;<br>-Табиғи (жүн, асық, ағаш, тері) және қалдық заттардан құрастыруға баулуды жалғастыру;<br>-Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру;<br>-Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындамау, олардың соңынан ермеу);<br>-Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу;<br>- Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу;<br>- Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге баулу. |
| **Сурет салу** | - Ою-өрнек салуды одан әрі жетілдіру, ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру;<br>- Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау;<br>- Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. |
| **Мүсіндеу** | -Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру;<br>- Мүсіндеген заттарын ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ,дән) безендіруді, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдануды, олардың бетіне бедерлер жасауды үнемі жетілдіру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жапсыру** | -Жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін үнемі қолдану;<br>-Жапсырған жұмыстарын, бұйымдарын ою-өрнектермен безендіру;<br>-Сюжетті жапсыруда балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, компазиция ережелеріне, тақырыпка сәйкес бейнелерді құрастыра білу;<br><br>-Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін үнемі есте сақтау. |
| | **Музыка** | - ***Музыка тыңдау:*** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау. Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдау және салыстыра білу.<br>***Ән айту.***<br>Күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу, әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту.<br>***Музыкалық-ырғақтық қимылдар.***<br>Музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін сәйкестендіру жаттығулары; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру, әндердің қозғаклыстық, көңілді сипатын қабылдау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.<br>***Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.***<br>Таныс әндерді орындауда түрлі балалар музыкалық аспаптарын қолдану.<br>***Билер:*** Балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау; Биде ойындық музыкалық қимылдарды қолдану; Әуені бойынша әндерді таниды, олардың мазмұны туралы баяндайды. |

**2022 - 2023 оқу жылына арналған Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**
**№11 мектепалды топ**
**Мамыр айы 2023жыл**

| Айы | Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Мамыр** | **Дене шынықтыру** | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>Отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр).<br>Аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Негізгі қозғалыстар:**<br>**Жүру:** Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;<br>**Жүгіру:** Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру;<br>**Секіру:** Қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);<br>**Лақтыру, қағып алу, домалату:** Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру;<br>**Еңбектеу, өрмелеу**: Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу;<br>**Тепе-теңдікті сақтау:** Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру:** Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеуде үнемі интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану.<br>**Сөздік қор.**<br>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөйлеу әдебін білу. Интонация бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдану білуін одан әрі дамыту, алған білімдерін бекіту.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту. Сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.<br>**Шығармашылықпен сөйлеу қызметі**. Өзара байланысты, бірізді сюжет құрастыру дағдыларын одан әрі жетілдіру. Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруды қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | -Балалардың театр әлеміне қызығушылығын одан әрі арттырып, театр әлеміне үнемі баулу;<br>-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды бекіту;<br>-Шешендік сөз өнеріне баулу. Санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ шешуді үнемі қолдану;<br>-Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамшылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі бір образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>-Шығарманы ролдерге бөліп сомдауға , кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулуды жалғастыру;<br>-Шағын өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштар жаттату, жұмбақтар шешу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу. |
| | **Сауат ашу негіздері** | -Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйретуді жалғастыру, бекіту;<br>-Сөйлемді ауызша талдау , жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру. тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды бекіту және қазақ тіліне тән (ә,ө,қ, ү,ұ, і,ғ,ң,һ) дыбыстарын қайталап бекіту; |

| | |
|---|---|
| **Сауат ашу негіздері** | [illegible]<br>-Сөйлемді ауызша талдау , жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, [illegible]<br>сөзге сөйлем құрастыру. тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды бекіту және қазақ тіліне тән (ә,ө,қ, ү,ұ, і,ғ,ң,һ) дыбыстарын қайталап бекіту; |
| [illegible] | [illegible]<br>- Апта күндері, уақытты бағдарлау туралы түсінікті қайталау, білімдерін бекіту;<br>- 10 көлеміндегі сандарды, тікелей және кері санауды еске түсіру, қайталау, алған білімдерін бекіту;<br>-Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыру. |
| Құрастыру | - Құрылыс материалдарынан, конструктр бөлшектерінен құрастыруды бекіту;<br>-Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу дағдыларын одан әрі дамыту, бекіту;<br>-Табиғи (жүн, асық, ағаш, тері) және қалдық заттардан құрастыруға баулуды жалғастыру;<br>-Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру. |
| **Қоршаған ортамен таныстыру** | -Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту;<br>-Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің – Кеңес Одағының батырлары бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу;<br>-Жол қозғалыс ережелері бойынша, «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол», жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру;<br>-Арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы білімдерін кеңейту.<br>-Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырату, тану. -Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына үнемі қолдау көрсету, алған білімдерін бекіту; |
| **Сурет салу** | - Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау;<br>- Ұжымдық жұмыстарға, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру;<br>-Бейнелеу әдістерін еске түсіру, қолдану, алған білімдерін бекіту;<br>-Заттардың, кейіпкерлердің бейнесін өзіне тән ерекшеліктермен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстармен ондағы заттардың арасындағы кеңістік қатынастырды жеткізе білуді бекіту. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Мүсіндеу** | -Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу, алған білімдерін еске түсіру, қайталау, бекіту;<br>-Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік компазицияларды құру дағдыларын жетілдіру;<br>- Мүсіндеген заттарын ою өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ,дән) безендіруді, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдануды, олардың бетіне бедерлер жасауды үнемі жетілдіру. |
| | **Жапсыру** | -Жыл бойы меңгерген жапсырудың түрлі әдістері мен тәсілдерін еске түсіру, қолдану, алған білімдерін бекіту ;<br>-Сюжетті жапсыруда балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, компазиция ережелеріне, тақырыпқа сәйкес бейнелерді құрастыра білу;<br>-Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін үнемі есте сақтау. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**: Қазақстан композиторларының шығармашылықтарымен таныстыруды жалғастыру.<br>**Ән айту:** Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту, тынысты дұрыс алу.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.<br>**Ойындар, хороводтар**: Түрлі сипаттағы музыкамен байланысты музыкалық-ойын бейнелерін: байсалды, баяу және көңілді, шаттанған, би күйін мәнерлі жеткізу. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау: екі шеңбер, үлкен шеңберге тұру.<br>**Музыкалық аспаптарында ойнау**: Аспаптардың аттарын білу, олардың тембрін тану. Қарапайым әуендерді ырғақпен ойнау, ойынды әнмен сүйемелдеу. |